



KK Жұғыш-кептіргіш машина
RU Стирально-сушильная машина

Қолдану туралы нұсқаулары
Инструкция по эксплуатации

2
37



Electrolux

МАЗМҰНЫ

1. ҚАУІПСІЗДІК АҚПАРАТЫ.....	3
2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ.....	6
3. БҮЙІМ СИПАТТАМАСЫ.....	8
4. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ.....	9
5. БАҒДАРЛАМАЛАР	10
6. ПАЙДАЛАНУ КӨЛЕМІ.....	15
7. ФУНКЦИЯЛАР	16
8. ПАРАМЕТРЛЕР	17
9. ЕҢ АЛҒАШ ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА.....	18
10. КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ - ТЕК ЖУУ.....	18
11. КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ - ТЕК КЕПТІРУ.....	22
12. КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ - ЖУУ ЖӘНЕ КЕПТІРУ.....	24
13. АҚЫЛ-КЕҢЕС.....	25
14. КУТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ.....	28
15. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ.....	31
16. ЕСІКТІ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДА АШУ.....	34
17. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК.....	35

СІЗ ОЙЫМЫЗДА БОЛДЫҢЫЗ

Electrolux құрылғысын сатып алғаныңызға рахмет. Сіз ондаған жылдар бойы көсіби тәжірибе мен инновацияға сүйеніп жасалған құрылғыны таңдадыңыз. Тапқырлықтың туындысы болған, көз тартарлық бүл құрылғыны жасау барысында сіз ойымызды болдыңыз. Сондықтан, қолданған сайын тамаша нәтижеге қол жеткізе алатыныңызға сенімді болыңыз.

Electrolux әлеміне қош келдіңіз.

Біздің веб-сайтқа барып келесіні қараңыз:



Пайдалану туралы ақпарат, кітапша, ақаулықты түзету, қызмет ақпаратын мына жерден алыңыз:

www.electrolux.com/webselfservice



Сізге барынша жақсы қызмет көрсету үшін өніміңізді мына жерге тіркеңіз:

www.registerelectrolux.com



Құрылғының қажетті керек-жарақтарды, шығынды материалдарды және фирмалық қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін:

www.electrolux.com/shop

ТҮТЫНУШЫҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Фирмалық заттарды қолдануды ұсынамыз.

Қызмет көрсету орталығына хабарласқанда келесі деректердің дайын болуын қамтамасыз етіңіз. Үлгісі, Өнім нөмірі, Сериялық нөмірі.

Деректерді техникалық ақпарат тақтайшасынан алуға болады.

Ескерту / Қаяп-қатерден сақтандыру ақпараты

Жалпы ақпарат және ақыл-кеңес

Қоршаған ортаға қатысты ақпарат

Өндіруші ескертүсіз өзгеріс енгізу құқығына ие.

1. △ ҚАУІПСІЗДІК АҚПАРАТЫ

Құрылғыны орнатып іске қолданар алдында бірге жеткізілген нұсқауларды мүқият оқып шығыңыз.

Дұрыс орнатпау немесе пайдаланбау нәтижесінде орын алған жарақат немесе зақымдарға өндіруші жауапты емес. Нұсқаулықтарды кейін қарап жүру үшін әрқашан қауіпсіз және қол жетімді жерде сақтаңыз.

1.1 Балалар мен дәрменсіз адамдардың қауіпсіздігі



ЕСКЕРТУ!

Тұншығып қалу, жарақат алуы немесе кемтар болып қалу қаупі бар.

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балалар мен денесіне, сезім жүйесіне не ақыл-есіне зақым келген не тәжірибесі аз адамдар өз қауіпсіздіктерін қамтамасыз ететін адамның қадағалауы не құрылғыны қауіпсіз қолдану бойынша берген нұсқауына сүйеніп, дұрыс қолданбау салдарын түсінсе, онда қолдануына болады.
- З және 8 жас арасындағы балалар мен мүмкіндіктері өте шектеулі мүгедек адамдарды басқалар қадағаламаған жағдайда алыс ұстау керек.
- 3 жасқа толмаған балаларды үнемі қарап отырмаған жағдайда алыс ұстау керек.
- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Барлық орам материалдарын балалардан алыс ұстап, қоқысқа тиісті түрде тастау керек.
- Жуғыш заттарды балалардан алыс ұстаңыз.
- Құрылғының есігі ашық түрғанда, балалар мен үй жануарларын оған жақыннатпаңыз.
- Құрылғыда бала қауіпсіздігінің құралы бар болса, оны қосу керек.

- Балалар құрылғыны жөндеу және тазалау жұмыстарын бақылаусыз орындаумен керек.

1.2 Қауіпсіздік туралы жалпы ақпарат

- Бұл құрылғының техникалық сипаттамасын езгертуеніз.
- Құрылғыны жеке тұратын құрылғы ретінде немесе өлшемдері сай келсе ас үй қаптамасының астына орнатыңыз.
- Құрылғыны бекітілетін есіктің артына, сырғыма есіктің артына не топсасы көрініше орналасқан, құрылғының есігін толық ашуға кедергі жасайтын жерлерге орнатпаңыз.
- Құрылғының ашасын розеткаға тек құрылғыны орнатып болғаннан кейін ғана қосыңыз. Орнатып болғаннан кейін ашаның қол жететін жерде түрғанына көз жеткізіңіз.
- Табанындағы желдеткіш саңылауларға кілем, төсөніш немесе еденнің қаптамасы кедергі жасамауға тиіс.
- ЕСКЕРТУ: Құрылғыны таймер сияқты сырттан қосатын құралмен жабдықтамау немесе жиі қосылышпен және сөніп тұратын желілерге қоспау керек.
- Газ немесе басқа жанармай қолданатын құрылғылардан, сонымен қатар ашық оттан бөлінетін қажетсіз газдар бөлмеге қайта кіrmес үшін, құрылғы орнатылған бөлменің жақсы желдетілуін қамтамасыз етіңіз.
- Шығасын ауаны құрылғыдан жанған газды немесе басқа жанармайдан бөлінетін тұтіндерді шығаруға арналған тұтік арқылы шығаруға болмайды.
- Сыртқы қосылымнан су кіретін тұстағы судың жұмыс қысымы 0,5 бар (0,05 МПа) және 8 бар (0,8 МПа) аралығында болуы керек.
- Ең көбі 7 кг салмақтан асырманды ("Бағдарлама кестесі" тарауын қараңыз).

- Құрылғыны су желісіне жаңадан берілген түтік жинағын немесе үәкілетті қызмет көрсету орталығы берген басқа түтік жинағын қолданып қосу керек.
- Ескі түтіктерді қайта пайдалануға болмайды.
- Қуат сымына зақым келсе, электр қатерінен сақтандыру үшін оны өндіруші немесе оның үәкілетті қызмет көрсету орталығы немесе сол сияқты білікті маман ауыстыруға тиіс.
- Құрылғының айналасына жиналып қалған қыл-қыбырды немесе орамдарды тазалаңыз.
- Тағам пісіретін көкөніс майы, ацетон, спирт, бензин, керосин, дақ кетіргіштер, скипидар, балауыз және балауыз кетіргіш тәрізді заттарды, кір кептіргіш машинамен кептірмей тұрып, қосымша жуғыш зат пайдаланып, ыстық сүмен жеке жуу керек.
- Өнеркәсіп химикаттарымен ластанған заттар үшін осы құрылғыны қолданбаңыз.
- Жұылмаған киімдерді кір кептіргіш машинада кептірмеңіз.
- Көбік резеңке (латекс көбік), монша қалпақтарын, су өткізбейтін текстильді, резеңкемен астарланған заттарды және киімдерді немесе резеңке толтырылған жастықтарды кір кептіргіш машинада кептіруге болмайды.
- Мата жұмсартқыштарды немесе ұқсас заттарды оларды өндірушінің нұсқауларына сәйкес ғана пайдалану керек.
- Темекі тұтатқыш немесе сіріңке тәрізді өрт көзіне айналуы мүмкін заттардың барлығын алыңыз.
- Егер барлық кірді дереу алып, қалдық қызуулары тезірек тарап кетпесе, кір кептіргіш машинаны ешқашан кептіру циклы аяқталмай тұрып тоқтатпаңыз.
- Кептіргіштің соңғы циклы заттардың температуралары оларға зақым келтірмейтіндей

төмөн болуы үшін ешбір қызусыз (салқындату циклы) орындалады.

- Құрылғыны тазалау үшін сұлы спрейді және/ немесе буды қолданбаңыз.
- Құрылғыны дымқыл шүберекпен тазалаңыз. Бейтарап жуғыш заттарды ғана қолданыңыз. Жеміргіш заттарды, түрпілі жөкені, еріткіштерді немесе темір заттарды пайдаланбаңыз.
- Кез келген жөндеу жұмысын орындау алдында құрылғыны сөндіріп, ашаны розеткадан сұрыныңыз.

2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

2.1 Орнату



Жергілікті стандарттарға сәйкес етіп орнату керек.

- Құрылғымен бірге жеткізілген орнату нұсқауларын орындаңыз.
- Құрылғыны температурасы 0°C градустан төмөн немесе ауа-райы әсер ететін жерге орнатпаңыз немесе пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны орынан жылжытқан кезде әрқашан тік қалыпта ұстаңыз.
- Құрылғы мен еден арасында ауаның айналуын қамтамасыз етіңіз.
- Орам материалдарының және тасымал тетіктерінің барлығын алыңыз.
- Құрылғы орнатылатын еден тегіс, орнықты, қызуға тәзімді және таза болуға тиіс.
- Тасымал болттарын сенімді жерде сақтаңыз. Кейін құрылғыны көшірген кезде, ішкі бөліктеріне зақым келмеу үшін барабанды бекіту үшін оларды қайта салу керек.
- Құрылғы ауыр болғандықтан, орынан жылжытқан кезде әрқашан абай болыңыз. Әрқашан қауіпсіздік қолғабы мен бітеу аяқ күйм күйіз.
- Бүлінген құрылғыны орнатпаңыз немесе іске қоспаңыз.
- Құрылғыны құрылғының есігі толық ашылмайтын жерге орнатпаңыз.

- Құрылғы мен еден арасында тиісті орын қалдыру үшін өзгермелі тіректерді реттеңіз.
- Құрылғыны түрғылықты орнына қойғаннан кейін, ватерпас арқылы деңгейнің әбден дұрыс қойылғанына көз жеткізіңіз. Деңгей дұрыс болмаса, тіректерін тиісінше реттеңіз.

2.2 Электртоғына қосу



ЕСКЕРТУ!

Өттік және электр қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Құрылғыны міндетті түрде жерге түйіктау қажет.
- Әрқашан дұрыс орнатылған, қатерден сақтандырылған розетканы қолданыңыз.
- Көп тармақты адаптерлер мен үзартқыш сымдарды қолданбаңыз.
- Құрылғыны тоқтан ажырату үшін сымынан тартпаңыз. Әрқашан ашасынан тартып сұрыныңыз.
- Қорек сымын немесе ашасын су қолмен ұстамаңыз.
- Бүл құрылғы Е.Е.С. ережелеріне сай келеді.

2.3 Суға қосу

- Су түтіктеріне зақым келтірмепіз.
- Жаңа түтіктерді немесе ұзақ уақыт қолданылмаған түтіктерді орнату алдында, жөндеу жұмыстарын орындағаннан кейін немесе жаңа

- құралдарды орнатқаннан кейін (су өлшегіш құрал, т.б.) суды таза және тұнық су ақканша ағызыңыз.
- Құрылғыны пайдалану барысында немесе бірінші рет қолданғаннан кейін ешбір су ағып тұрмағанына көз жеткізіңіз.

2.4 Пайдалану



ЕСКЕРТУ!

Жаракат алу, электр қатері, қыйіп қалу, өрт қаупі, құрылғыны бұлдіріп алу қаупі бар.

- Бұл үйде ғана қолдануға арналған құрылғы.
- Тұтанғыш заттарды немесе ішіне тұтанғыш зат салынған дымқыл заттарды құрылғының ішіне, қасына немесе үстіне қоймаңыз.
- Бағдарлама жұмыс істеп түрған кезде шыны есікті ұстамаңыз. Шыны ысып кетуі мүмкін.
- Тәсемесі немесе толтырмасы (жыртылған, сөгілген) бар, нұқсан келген заттарды кептірменіз.
- Кір дақ кетіргішпен жуылған болса, кептіру циклын бастау алдында қосымша шаю циклын қосыңыз.
- Кірден барлық темір заттардың алынғанына көз жеткізіңіз.
- Кір жуғыш-кетіргіш машинада кептіруге болатын мatalарды ғана кептіріңіз. Матаңың затбелгісіндегі тазалауға қатысты нұсқауларды орындаңыз.

- Пластик заттар қызуға төзімді емес.
 - Жуғыш зат шаригін қолдансаңыз, кептіру бағдарламасын бастамай тұрып алыңыз.
 - Тоқтамайтын бағдарламаны орнатсаңыз, жуғыш зат шаригін пайдаланбаңыз.



ЕСКЕРТУ!

Жаракат алу немесе құрылғыны бұлдіріп алу қаупі бар.


- Ашық түрған есіктің үстіне отыруға немесе үстіне шығып тұруға болмайды.
- Суы сорғалап түрған киімдерді құрылғыға салып кептірменіз.

2.5 Құрылғыны тастау

- Құрылғыны электр және сумен жабдықтау желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғыға жақын орналасқан электр сымын кесіп, қоқысқа тастаңыз.
- Балалар немесе үй жануарлары барабанға қамалып қалмас үшін есіктің бекітпесін ағытып алыңыз.
- Құрылғыны Ескірғен электр және электроника құрылғыларын тастауға (WEEE) арналған жергілікті ережелерге сәйкес тастаңыз.

3. БҮЙЫМ СИПАТТАМАСЫ

3.1 Құрылғының жалпы көрінісі




- 1 Жұмыс тақтасы
- 2 Жұғыш зат үлестіргіші
- 3 Басқару панелі
- 4 Есіктің тұтқасы
- 5 Техникалық ақпарат тақтайшасы
- 6 Су төгетін сорғының сұзгісі
- 7 Құрылғыны деңгейлеуге арналған тіректер

3.2 Бала қауіпсіздігі құралын қалай қосу керек

Бұл құрал балалар немесе үй жануарларын барабанға кіріп кетуден қорғайды.

Құралды сағат тілінің бағытымен көртігі көлденең қалыпқа келгенше бұраңыз.

Есікті жабу алмайсыз.



Есікті жабу үшін, құралды сағат тілінің бағытына қарсы, көртігі тік қалыпқа келгенше бұраңыз.

3.3 Орнатуға арналған жинақ (4055171146)


Үәкілетті дилерден алуға болады.

Егер құрылғыны плинтусқа орнатсаңыз, құрылғыны орнату тақтайшасына бекіту керек.

Керек-жарақтармен бірге берілген нұсқаулықты мұқият оқыңыз.


4. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

4.1 Басқару панелінің сипаттамасы



- 1 Қосу/Өтшіру түймешігі ① (ВКЛ/ВЫКЛ)
- 2 Бағдарлама түймешесі
- 3 Айналдыруды азайттын сенсорлық түймешік ⑥ (Отжим)
- 4 Температура сенсорлық түймешігі ④ (Температура)
- 5 Дисплей
- 6 Кептіру сенсорлық түймешігі ⑦ (Время сушки)
- 7 Кешіктіріп бастау сенсорлық түймешігі ⑧ (Отсрочка старта)
- 8 Алдын ала жуу сенсорлық түймешігі ⑨ (Предв. стирка)
- 9 Кептіру деңгейінің сенсорлық түймешігі ⑩ (Уровень сушки)
- 10 Бастау/Үзіліс сенсорлық түймешігі ⑪ (Старт/Пауза)
- 11 Үақытты басқару сенсорлық түймешігі – ⑤ + (Time Manager)

4.2 Дисплей



A. Температура аумағы:

88: Температура индикаторы

- : Суық су индикаторы
 - В. Таймер индикаторы.
 - С. Уақыт аумағы:
 - бағдарламаның ұзақтығы
 - кешіктіріп бастау
 - ескерту кодтары
 - ақаулық хабарлары
 - бағдарлама аяқталды.
 - Д. : Кептіру циклы.
 - Е. : Бу циклы.
 - Ғ. : Тұрақты қосымша шаю опциясы.
- G. : Құрғақтық деңгейінің индикаторлары.
- Н. Айналдыру аумағы:
- : Айналдыру жылдамдығының индикаторы
 - — : Айналдырмау индикаторы
 - : Шауды кідірту индикаторы
- І. : Жуу циклы.
- Ж. : Бала қауіпсіздігі құралының индикаторы.
- К. : Есік құлыштаулы индикаторы

5. БАҒДАРЛАМАЛАР

5.1 Бағдарлама кестесі

Бағдарлама	Ең үлкен салмақ	Бағдарлама сипаттамасы
Температура ауқымы	Ең үлкен айналдыру жылдамдығы	(Кірдің салмағы және кірлеу дәрежесі)
Жуу бағдарламалары		
Хлопок 90°C - Суық	7 кг 1400 мин/айн	Ақ және түрлі-түсті мақта мата. Қалыпты және шамалы ластанған кір.
Хлопок Эко ¹⁾ 60°C - 40°C	7 кг 1400 мин/айн	Ақ және бояуы қанық мақта мата. Қалыпты кірлеген. Қуатты пайдалану азаяды және жуу бағдарламасының уақыты ұзарады.
Стирка&Сушка 60 мин 40°C - 30°C	1 кг 1200 мин/айн	Аралас матадан (мақта мата және синтетика заттар) жасалған аз мөлшердегі заттарды жууға арналған, жуу және кептіру циклынан тұратын толық бағдарлама.
Синтетика 60°C - Суық	3,5 кг 1200 мин/айн	Синтетика немесе аралас матадан жасалған заттар. Қалыпты кірлеген.
Тонкие ткани 40°C - Суық	3,5 кг 1200 мин/айн	Баппен жууды қажет ететін акрил, вискоза және аралас маталарға арналған. Қалыпты кірлеген.

Бағдарлама Температура ауқымы	Ең үлкен салмақ Ең үлкен айналдыру жылдамдығы	Бағдарлама сипаттамасы (Кірдің салмағы және кірлеу дәрежесі)
 Шелк 30°C	1 кг 1000 мин/айн	Жібек мата және аралас синтетика заттарға арналған арнайы бағдарлама.
 Шерсть 40°C - Суық	1,5 кг 1200 мин/айн	Машинамен жууга болатын жұн маталар және қолмен жууга болатын «Қолмен жуу» белгісі бар маталар және жұн маталар²⁾.
 Одеяла 60°C - Суық	2 кг 800 мин/айн	Бір синтетикалық төсек жапқыш, көрпе, төсек жабдығы Т.С.С. заттарды жууга арналған арнайы бағдарлама.
 Отжим/Слив ³⁾	7 кг 1400 мин/айн	Кірді айналдыруға және барабандағы суды төзуге арналған. Жұн мата мен өте нәзік маталардан басқа барлық маталар.
 Полоскание Суық	7 кг 1400 мин/айн	Кірді шаюға және айналдыруға арналған. Барлық маталар, жұн мата мен өте нәзік матадан басқа. Айналдыру жылдамдығын матаның түріне қарай азайтыңыз.
Кептіру бағдарламалары		
 Сушка шерсти	1 кг	Жұн матаны кептіруге арналған бағдарлама.
 Сушка синтетики	2 кг	Синтетикалық заттарды кептіруге арналған бағдарлама.
 Сушка хлопка	4 кг	Мақта мата заттарды кептіруге арналған бағдарлама.

Бағдарлама	Ең үлкен салмақ	Бағдарлама сипаттамасы
Температура ауқымы	Ең үлкен айналдыру жылдамдығы	(Кірдің салмағы және кірлеу дәрежесі)
Бу бағдарламалары⁴⁾		
Бу циклін кепкен, жуылған немесе бір рет жуылған кір үшін қолдануға болады. Бұл бағдарламалар кірдің қыжымдануын және ісін азайтып, матаны барынша жұмсартады.		
Ешбір жуғыш зат қолданбаңыз. Егер қажет болса, дақты жуу немесе жумай тұрып тазарту арқылы көтіріңіз.		
Бу бағдарламалары ешбір заарсыздандыру циклін орындағыды.		
Мына заттар үшін Бу бағдарламасын орнатпаңыз:		
<ul style="list-style-type: none"> • 40°С градустан төмен температурада жуылатын заттар. • Затбелгісінде кептіргіш машинада кептіруге болады деп көрсетілмеген заттар. • Пластик, темір, ағаш немесе т.б. тағылған заттардың барлығы. 		
 Бу	1,5 кг	<p>Мақта мата және синтетика заттардың қыжымын жазуға немесе жақартуға арналған бу бағдарламасы.</p> <p>Қол жетімді циклдарды таңдау үшін Time Manager түймелерін басыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қыжымданудан сақтау (өзекі бағдарлама ұзақтығы) • Жақарту (қысқа бағдарламаның ұзақтығы)

- 1) Мақта мата, үнемді бағдарламасы. Бұл бағдарлама 60°С градуспен жуатын, 7 кг салмақта арналған, қуат мәндері көрсетілген тақтайшадағы ақпарат негізінде ЕЕС 92/75 стандарттарына сай берілген бағдарлама. Жуу нәтижесін жақсарту және қуатты аз тұтыну үшін осы бағдарламаны орнатыңыз. Жуу бағдарламасының үақыты үзарады.
- 2) Осы цикл кезінде кірді баппен жуу үшін барабан баяу айналады. Барабан айналмай түрған сияқты немесе дұрыс айналмай түрған сияқты көрініу мүмкін, бірақ бұл осы бағдарлама үшін қалыпты жағдай
- 3) Айналдыру жылдамдығын орнатыңыз. Жуылып жатқан кірдің түріне сай келетініне көз жеткізіңіз. Егер Айналдырмау циклын орнатсаңыз, су төгу циклы ғана жұмыс істейді.
- 4) Бу бағдарламасын кепкен кір үшін орнатқан кездे, цикл соңында кір дымқыл болуы мүмкін. Кірді кептіріп алу үшін таза ауаға шамамен 10 минут жаю керек. Бағдарлама аяқталған кезде кірді барабаннан дереу алыңыз. Бу циклі аяқталғаннан кейін, заттарды бәрібір үтіктеу керек, бірақ ол женіл үтіктеледі.

Бағдарлама опцияларының үйлесімділігі

Бағдарлама							
Хлопок	■	■	■	■	■	■	■
Хлопок Эко	■	■	■	■	■	■	■
Стирка&Сушка 60 мин					■		
Синтетика	■	■	■	■	■	■	■
Тонкие ткани	■	■	■	■	■	■	■
Шелк	■	■		■			
Шерсть	■	■	■	■			
Одеяла	■			■			
Отжим/Слив 1)	■	■		■			
Полосканье	■	■	■	■			

1) Айналдыру жылдамдығын орнатыңыз. Жуылып жатқан кірдің түріне сай келетініне көз жеткізіңіз. Егер Айналдырмау циклын орнатсаңыз, су төгу циклы ғана жұмыс істейді.

5.2 Автоматты кептіру

Құргақтық деңгейі	Матаның түрі	Салыним
Өте құргақ Сұлгі материалдарына арналған	Мақта мата және Зығыр мата (монша халаттары, монша сұлгілері, т.с.с.)	4 кг-ға дейін
Шкафқа¹⁾ Сақтап қоюға арналған заттарға арналған	Мақта мата және Зығыр мата (монша халаттары, монша сұлгілері, т.с.с.)	4 кг-ға дейін
	Синтетика және аралас мatalар (джемперлер, блузалар, іш киімдер, тұрмыстық және төсек жабдықтары)	2 кг-ға дейін
	Жібек бұйымдар (блуза, жейде, киімдер.)	1 кг-ға дейін
	Жұн бұйымдар (жұн жейделер)	1 кг-ға дейін

Құрғақтық деңгейі	Матаның түрі	Салыным
 Үтіктеуге Үтіктеуге жарамды	Мақта мата және Зығыр мата (ақжаймалар, үстел жапқыштар, жейделер т.с.с.)	4 кг-ға дейін

1) Сынақтан өткізетін мекемеге арналған кеңестер EN 50229 стандартына сай сынақты БІРІНШІ кептірілетін кірді салып, ең үлкен көрсетілген кептіру параметрлері бойынша, (кірдің құрамы EN61121 стандартына сай) АВТ. ШКАФҚА режимін Хлопок Эко бағдарламасына қойып орындау керек. ЕКІНШІ кептірілетін кірлерді қалған кірмен бірге, АВТ. ШКАФҚА бағдарламасын Хлопок Эко бағдарламасына қойып орындау керек.

5.3 Уақыты қойылған кептіру циклы

Құрғақтық деңгейі	Матаның түрі	Салмақ (кг)	Айналдыру жылда	Ұсынылатын уақыт (мин)
Өте құрғақ Сұлғи материалдарына арналған	Мақта мата және Зығыр мата (монша халаттары, монша сұлгілері, т.с.с.)	4	1400	200 - 215
		2	1400	115 - 125
		1	1400	60 - 70
Шкафқа Сақтап қоюға арналған заттарға арналған	Мақта мата және Зығыр мата (монша халаттары, монша сұлгілері, т.с.с.)	4	1400	190 - 205
		2	1400	105 - 115
		1	1400	50 - 60
Шкафқа Сақтап қоюға арналған заттарға арналған	Синтетика және аралас маталар (джемперлер, блузалар, іш күмдер, тұрмыстық және тәсек жабдықтары)	2	1200	95 - 110
		1	1200	45 - 55
	Жұн (жұн джемперлер)	1	1200	80 - 100
	Жібек мата (блуза, жейде, киім т.с.с.)	1	1000	80
Үтіктеуге Үтіктеуге жарамды	Мақта мата және Зығыр мата (ақжаймалар, үстел жапқыштар, жейделер т.с.с.)	4	1400	110 - 125
		2	1400	65 - 75
		1	1400	40 - 50

5.4 Woolmark Apparel Care - Көк



- Woolmark компаниясы бұл машинаның жүн матаны жуу бағдарламасын тексерген және сертификаттаған, дегенмен бұл компанияның талабы бойынша «қолмен жуу» деген затбелгісі бар заттарды, киім өндіруші мен кір

жуғыш машинаны өндіруші нұсқауларын сақтап жуу керек. M1380

- Осы кір кептіретін машинаның жүн матаны кептіретін циклы The Woolmark Company компаниясы тараپынан тексерілген және бекітілген. Бұл Woolmark рұқсат еткен қолмен жуу циклімен жуылған және өндіруші нұсқауларына сай кір жуғыш машинада кептірілген, "қолмен жуылады" деген затбелгісі бар жүн мата заттарды кептіруге сай келетін цикл. M1381

Ұлыбританияда, Ирландияда, Гонконгта және Индияда Woolmark белгісі сертификатталған сауда белгісі болып табылады.

6. ПАЙДАЛАНУ КӨЛЕМІ



Көрсетілген мәндер зертхана жағдайында тиісті стандарттар көмегімен алынған. Әр түрлі себептер деректердің өзгеруіне әкелуі мүмкін: кірдің мөлшері және түрі, қоршаған ортаның температурасы. Судың қысымы, ток кернеуі және берілетін судың температурасы жуу бағдарламасының ұзақтығына әсер етуі мүмкін.



Өтімнің сапасын жақсарту үшін техникалық параметрлер алдын ала ескертусіз өзгертилуі мүмкін.



Бағдарлама басталғанда дисплейде кірдің ең көп мөлшеріне арналған бағдарламаның ұзақтығы көрсетіледі. Жуу циклы кезінде бағдарламаның уақыты автоматты түрде есептеледі, егер кірдің мөлшері ең көп кірдің мөлшерінен аз болса барынша азая түсін мүмкін (мысалы, Мақта мата 60°C, кірдің ең көп мөлшері 7 кг, бағдарламаның уақыты 2 сағаттан асса; салынған кірдің нақты салмағы 1 кг болса, бағдарламаның уақыты 1 сағатқа жетпейді).

Құрылғы бағдарламаның нақты уақытын есептеп түрғанда дисплейде нұкте жыпылықтайтады.

Бағдарламалар	Салма қ (кг)	Қуат тұтыну (кВт/сағ)	Суды пайдалану (литр)	Бағдарламаның болжалды ұзақтығы (минут)
Мақта мата 60°C	7	1.25	70	146

Бағдарламалар	Салмақ (кг)	Күат тұтыну (кВт/сағ)	Суды пайдалану (литр)	Бағдарламаның болжалды үзақтығы (минут)
Хлопок Эко Мақта мата, үнемді 60 °C ¹⁾	7	0.98	52	238
Мақта мата 40°C	7	0.78	70	161
Синтетика 40°C	3,5	0.47	50	171
Нәзік мата 40°C	3,5	0.53	62	121
Жұн мата/Қолмен жуу 30°C	1,5	0.25	45	58

1) бағдарламасы 7кг салмақта арналған, 60°C градуста жуатын «Мақта мата, үнемді бағдарламасы» үшін ЕЕС 92/75стандарттарына сай қуат мәндері көрсетілген тақтайшадағы ақпарат негізінде берілген бағдарлама.

7. ФУНКЦИЯЛАР

7.1 Температура ─

Әдепкі температуралы өзгерту үшін осы параметрді орнатыңыз.

— индикаторы = сұық су.

Бейнебетте орнатылған температура көрсетіледі.

- Жуу бағдарламасы аяқталғанда барабан ішінде су тұрады. Кір мыжылып қалмас үшін барабан мезгіл-мезгіл айналып тұрады.
- Есік құлпылталып тұрады. Есікті ашу үшін суды төгу керек.
- Бейнебетте ┏ индикаторы пайда болады.



Суды төгу үшін
"Бағдарламаның соңы"
тарауын қараңыз.

7.2 Отжим ⚡

Осы функцияның көмегімен әдепкі айналдыру жылдамдығын азайтуға болады.

Бейнебетте орнатылған жылдамдықтың индикаторы көрсетіледі.

Қосымша айналдыру параметрлері: Айналдырымау

- Барлық айналдыру циклдарын алу үшін осы параметрді орнатыңыз.
- Бұл параметрді өте нәзік мatalар үшін орнатыңыз.
- Кей жуу бағдарламаларында шаю циклы көп су пайдаланады.
- Бейнебетте — — индикаторы пайда болады.

Шаюды кідірту

- Кірлер мыжылып қалмас үшін осы параметрді орнатыңыз.

7.3 Время сушки ☀

Осы функцияның көмегімен матаны кептіретін уақытты орнатуға болады. Бейнебетте параметрдің орнатылған мәні көрсетіледі.

Осы сенсорлық түймешікті әр басқан сайын уақыт мәні 5 минутқа артып отырады.



Әр түрлі маталарға арнап түрлі уақыттарды орнату мүмкін емес.

7.4 Отсрочка старта ⏱

Осы параметрдің көмегімен бағдарламаны 30 минуттан 20 сағатқа дейін кешіктіріп бастауға болады.

Бейнебетте тиісті индикатор пайда болады.

7.5 Предв. стирка

Осы параметрдің көмегімен жуу бағдарламасының алдын ала жуу циклын қосуға болады.

Осы параметрді қатты кірлеген кірді жуу үшін пайдаланыңыз.

Осы параметрді орнатқан кезде бағдарламаның уақыты ұзарады.

Тиісті индикатор жанады.

7.6 Уровень сушки

Осы функцияның көмегімен кірдің автоматты құрғақтық деңгейін орнатуға болады. Бейнебетте орнатылған деңгейдің белгішесі көрсетіледі.

-  Мақта мата заттарға арналған **Өте құрғақ** деңгей
-  Мақта мата, синтетика, жүн және жибек маталарға арналған **Шкафқа** салуға болатын құрғақтық деңгейі
-  Мақта мата заттарға арналған **Үтіктеуге** болатын құрғақтық деңгейі

7.7 Таймер – +

Жуу бағдарламасын орнатқан кезде бейнебетте әдепкі уақыт көрсетіледі.

Бағдарламаның уақытын азайту немесе көбейту үшін – немесе + түймешігін басыңыз.

Таймер функциясы кестеде көрсетілген бағдарламалардаға жана жұмыс істейді.

8. ПАРАМЕТРЛЕР

8.1 Бала қауіпсіздігінің құралы

Осы функцияның көмегімен балалар басқару панелімен ойнауға жол бермейсіз.

Индикатор					Хлопок Эко
①)	■	■			
②)	■	■	■		
③)	■	■			
④)	■	■	■	■	■ 2)
⑤)	■	■			
⑥)	■ 3)	■ 3)	■		
⑦)	■	■			
⑧)	■	■	■ 3)	3)	■ 5)

1) Ең қысқа: кірді жаңартуға арналған.

2) Кірді жаңартуға арналған бағдарламаның ұзақтығы.

3) Бағдарламаның әдепкі уақыты.

4) Ең ұзақ: Бағдарламаның ұзақтығын баяу көбейткен кезде пайдаланылатын құят мөлшері азайды.

Оңтайландырылған қыздыру циклы пайдаланылатын құят мөлшерін азайтады және ұзақ бағдарламаны қолданғанда, жуу нәтижесі өзгермейді (өсірепе қалыпты кірлеген кірлерде).

5) Кірдің қыжылдануына жол бермеу үшін қолданылатын бағдарламаның ұзақтығы.

- Осы функцияны **іске қосу/ажырату** үшін  және  түймешіктерін  индикаторы жаңғанша/сөнгөнше қатар басыңыз.

Мына параметрді қосуға болады:

- ▷ түймешігін басқаннан кейін: функциялар мен бағдарлама тетігі бүгітталады.
- ▷ түймешігін баспайынша: құрылғы іске қосылмайды.

8.2 Тұрақты қосымша шаю

Осы функцияның көмегімен жаңа бағдарлама орнатқан кезде қосымша шаю циклі тұрақты орнатылып тұрады.

- Осы функцияны іске қосу/ажырату үшін ⏪ және ⏵ түймешіктерін ⌂ индикаторы жанғанша/сөнгенше қатар басыңыз.

8.3 Дыбыстық сигналдар

Дыбыстық сигналдар мына жағдайларда қосылады:

- Бағдарлама аяқталғанда.
- Құрылғыда ақау бар кезде.

Дыбыстық сигналдарды **сөндіру/қосу** үшін ⏷ және ⏶ түймешіктерін 6 секунд қатар басыңыз.



Егер дыбыстық сигналдарды сөндірсеңіз, олар құрылғыда ақау пайда болған кезде қосыла береді.

9. ЕҢ АЛҒАШ ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА

- Ашаны розеткаға қосыңыз.
- Су құятын шумекті ашыңыз.
- Жуу циклына арналған бөлікке шамалы жуғыш зат салыңыз.
- Мақта матаға арналған бағдарламаны орнатып, ең жоғары

температураға қойып ешбір кірсалмай жуыңыз.

Бұл цикл барабан мен машинаның ішінде бар болуы мүмкін кірлердің барлығын кетіреді.

10. КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ - ТЕК ЖУУ




ЕСКЕРТУ!

Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

10.1 Кірді салу

- Құрылғының есігін ашыңыз
- Кірлерді құрылғыға салар алдында сілкілеңіз.
- Кірді барабанға бір-бірден салыңыз.
- Есікті нығыздап жабыңыз.

Барабанға тым көп кір салынбағанына көз жеткізіңіз.




АБАЙЛАҢЫЗ

Тығыздағыш пен есіктің арасына ешбір кірқыстырылып қалмағанына көз жеткізіңіз. Су ағуы немесе кірге нұқсан келуі мүмкін.



Қатты майлантан, май дақтары түсін затты жуғанда, кір жуғыш машинаның резенке бөліктеріне зақым келуі мүмкін.



10.2 Жуғыш зат пен үстемелерді пайдалану

1. Жуғыш зат пен мата жұмсартқышты өлшеп алыңыз.
2. Жуғыш зат үlestіргішті абайлаң жабыңыз

10.3 Жуғыш зат салынатын бөліктер



АБАЙЛАҢЫЗ

Кір жуғыш машинаға арнайы жуғыш заттарды ғана пайдаланыңыз.



Жуғыш заттардың орамында көрсетілетін нұсқауларды әрқашан орындаңыз.



Алдын ала жуу циклына арналған жуғыш зат бөлігі.



Жуу циклына арналған жуғыш зат бөлігі.




Сұйық үстемелерге арналған бөлік (мата жұмсартқыш, крахмал).




Ұнтақ немесе сұйық жуғыш затқа арналған бөлгіш.


10.4 Сұйық немесе ұнтақ жуғыш зат




1.



2.



3.



4.

- А - қалпы үнтақ жуғыш затқа арналған (зауыттық бапталым).
- В - сұйық жуғыш затқа арналған.



Сұйық жуғыш затты пайдаланған кезде:

- Қоймалжың немесе қою сұйық жуғыш заттарды қолданбаңыз.
- Сұйық жуғыш затты ең жоғары деңгейден асырып салмаңыз.
- Алдың ала жуу циклын орнатпаңыз.
- Кешіктіріп бастау параметрін орнатпаңыз.

10.5 Құрылғыны іске қосу

Құрылғыны қосу немесе сөндіру үшін

① түймешігін басыңыз. Құрылғы іске қосылған кезде дыбыстық сигнал естіледі.

10.6 Бағдарламаны орнату

1. Бағдарлама тетігін бұрап, жуу бағдарламасын орнатыңыз:
 - Тиисті бағдарламаның индикаторы жанады.
 - индикаторы жыптылықтайды.
 - Бейнебетте Таймердің деңгейі, бағдарламаның уақыты және бағдарлама цикларының индикаторлары көрсетіледі.
2. Қажет болса, температуралы, айналдыру жылдамдығын, цикл ұзақтығын өзгертіңіз немесе қолжетімді параметрлерді қосыңыз. Параметрді қосқан кезде орнатылған параметрдің индикаторы жанады.



Егер қате орнатып қойсаңыз, бейнебетте көрсетіледі.

10.7 Кешіктіріп бастау функциясы жоқ бағдарламаны бастау

▷|| түймешігін басыңыз.

- индикаторы жыптылықтайдауын тоқтатып, жанған қалпы тұрады.
- Бейнебетте индикаторы жыптылықтай бастайды.
- Бағдарлама басталады да, есік құлыпталып, дисплейде индикаторы көрсетіледі.
- Құрылғыға су құйылған кезде су төтегін сорғы шамалы уақыт жұмыс істейді.



Бағдарлама басталғаннан кейін шамамен 15 минуттан кейін:

- Құрылғы бағдарламаның ұзақтығын автоматты тұрде кірдің ластану деңгейіне сай келтіріп реттейді.
- Бейнебетте жаңа мән көрсетіледі.

10.8 Кешіктіріп бастау функциясы бар бағдарламаны бастау

- түймешігін бейнебетте орнатыңыз келген кешіктіріп бастау уақыты көрсетілгенше қайта-қайта басыңыз.
Бейнебетте тиісті индикатор жанады.
- түймешігін басыңыз:
 - Күрылғы кері санаң бастайды.
 - Есік бекітіледі, дисплейде индикаторы пайда болады.
 - Кері санақ аяқталған кезде, бағдарлама автоматты тұрде басталады.



Орнатылған кері санақ мәнін түймешігін баспай тұрып болдырмауға немесе өзгертуге болады.
Кешіктіріп бастау функциясын болдырмау үшін:

- Күрылғыны кідірту үшін түймешігін басыңыз.
- түймешігін дисплейде пайда болғанша басыңыз.
- Бағдарламаны дереу бастау үшін түймешігін қайта басыңыз.

10.9 Бағдарламаны кідірту және параметрлерді өзгерту

Кей функцияларды ғана басталмай тұрып өзгертуге болады.

- түймешігін басыңыз.
Индикатор жыпылықтайды.
- Функцияларды өзертіңіз.
- түймешігін қайта басыңыз.
Бағдарлама жалғасады.

10.10 Жұмыс істеп тұрған бағдарламаны болдырмау

- Бағдарламаны біржола тоқтатып күрылғыны сөндіру үшін түймешігін бірнеше секунд басыңыз.
- Күрылғыны іске қосу үшін осы түймешікті қайта басыңыз. Енді жаңа жуу бағдарламасын орнатуға болады.



Жаңа бағдарламаны бастау алдында күрылғының сұты төгіледі. Бұл жағдайда, жуғыш зат үlestіргіште жуғыш заттың әлі бар екеніне көз жеткізіңіз, егер жоқ болса қайтадан толтырыңыз.

10.11 Есікті ашу



АБАЙЛАҢЫЗ

Егер барабанның ішіндегі температура мен судың деңгейі өте жоғары болса және барабан әлі айналып тұrsa, есік ашылмайды.

Бағдарлама немесе кешіктіріп бастау жұмыс істеп тұрғанда, күрылғының есірі бекітіліп, бейнебеттен индикаторы көрсетіліп тұрады.

Бағдарлама немесе кешіктіріп бастау режимі жұмыс істеп тұрғанда күрылғыны ашу:

- Күрылғыны кідірту үшін түймешігін басыңыз.
- Есік бұғаттаулы индикаторы сөнгенше күтіңіз.
- Есікті ашыңыз.
- Есікті жауып, түймешігін қайта басыңыз.

Бағдарлама немесе кешіктіріп бастау функциясы жалғасады.

10.12 Бағдарламаның соңы

- Күрылғы автоматты турде тоқтайды.

- Дыбыстық сигналдар естіледі (егер қосулы тұрса).
- Бейнебетте жанады.
- индикаторы сөнеді.
- Есік құлпының индикаторы сөнеді.
- Есікті ашуға болады.
- Құрылғыдан кірді алышыз. Барабанның бос екеніне көз жеткізіліз.
- Судың шүмегін жабыңыз.
- Құрылғыны сөндіру үшін ① түймешігін бірнеше секунд басыңыз.
- Зең және иіс пайда болмас үшін есікті сәл ашып қойыңыз.

Жуу бағдарламасы аяқталды, бірақ барабанда су тұр:

- Кір мыжылып қалмас үшін барабан мезгіл-мезгіл айналып тұрады.
- Есік бұғаттаулы индикаторы жаңып тұр. Есік құлышталып тұрады.
- Есікті ашу үшін суды төгу керек.

Суды төгу үшін:

- түймешігін басыңыз. Құрылғы суды төгеді де, айналдыру кезеңін орындауды.
- Құрылғыны суды ғана төгетін етіп баптау үшін — — параметрін орнатыңыз. Қажет болса, айналдыру жылдамдығын азайтыңыз.
- Бағдарлама аяқталып, есік бекітесінің индикаторы сөнгенде есікті ашуға болады.

- Құрылғыны сөндіру үшін ① түймешігін бірнеше секунд басыңыз.



Құрылғы шамамен 18 сағаттан кейін суды автоматты тұрде төгеді және айналдырады (Жұн мата бағдарламаларынан басқа бағдарламаларда).

10.13 АВТ. Құту режимі функциясы

АВТ. Құту режимі функциясы қуатты аз қолдану үшін келесі жағдайларда құрылғыны автоматты тұрде сөндіреді:

- Құрылғыны Старт/Пауза түймешігін басар алдында 5 минут пайдаланбасыңыз.
- Құрылғыны қайта іске қосу үшін ВКЛ/ВЫКЛ ① түймешігін басыңыз.
- Жуу бағдарламасы аяқталғаннан кейін 5 минут өткен соң Құрылғыны қайта іске қосу үшін ВКЛ/ВЫКЛ ① түймешігін басыңыз. Бейнебетте соңғы орнатылған бағдарламаның соңы көрсетіледі. Жаңа циклді орнату үшін бағдарлама тетігін бұраңыз.



Аяқталған кезде барабан ішінде су қалатын функцияны таңдасаныз, АВТ. Құту режимі функциясы суды төгу қажет екенін ескерту үшін құрылғыны **сөндірмейді**.

11. КҮНДЕЛЕКТІ ПАЙДАЛАНУ - ТЕК КЕПТІРУ



ЕСКЕРТУ!

Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.



Бұл автоматты жуғыш және кептіріш машина.

11.1 Кептіру циклын орнату



ЕСКЕРТУ!

Су шүмегінің ашық тұрғанына көз жеткізіңіз.

- Құрылғыны қосу үшін ВКЛ/ВЫКЛ түймешігін бірнеше секунд басыңыз.
- Кірді бір-бірден салыңыз.
- Бағдарлама тетігін кірлерді кептіретін бағдарламаға бұраңыз.

Бейнебетте кептіру индикаторы

 пайда болады.



Жақсы кептіру нәтижелеріне жету үшін пайдаланушы нұсқаулығында ұсынылған, кірдің ең көп кептірілетін мөлшерінен асыруға **болмайды**. Орнатылған бағдарламаның автоматты жылдамдығынан аз айналдыру жылдамдығын орнатуға **болмайды**.

11.2 Автоматты деңгейлерде кептіру

Кірді алдын ала қойылған құрғақтық деңгейлерінде кептіруге болады:

1. Бейнебетте құрғақтық деңгейлерінің біреуінің индикаторы көрсетілгенше  түймешігін қайта басыңыз:

-  Мақта мата заттарды ҮТІКТЕУГЕ болатын құрғақтық деңгей
-  Мақта мата, синтетика, жібек және жұн маталарға арналған ШКАФҚА салуға болатын құрғақтық деңгейі
-  Мақта мата заттарды ӨТЕ ҚҰРҒАҚ етіп кептіретін құрғақтық деңгейі

Бейнебетте әдепті кір салынымы салмағының неғізінде есептелген уақыт мәні көрсетіледі. Егер кірдің мөлшері әдепті мөлшерден көп немесе аз болса, цикл орындалып тұрғанда құрылғы уақыт мәнін автоматты тұрдегідейді.

2. Бағдарламаны бастау үшін  түймешігін басыңыз.

Бейнебетте "есік құлыштаулы"  индикаторы көрсетіледі. Кептіру индикаторы  жыптылықтай бастайды.



Кез келген кірдің түріне арнап, барлық құрғақтық деңгейлерін орнату мүмкін емес.

11.3 Уақыты қойылған кептіру циклы

Кірді уақыты қолдан қойылған кептіру циклымен де кептіруге болады:

1. Уақыт мәнін орнату үшін  түймешігін қайта-қайта басыңыз («Уақыты қойылған кептіру бағдарламалары» кестесін қараңыз).
 - Бейнебетте 10 минут көрсетіледі. Осы сенсорлық түймешікті әр басқан сайын уақыт мәні 5 минутқа артып отырады.
 - Бейнебетте орнатылған уақыт мәні көрсетіледі: мысалы – **40**.
 - Бірнеше секундтан кейін бейнебетте жаңа уақыт мәні көрсетіледі: **43**. Құрылғы мыжылығы қалудан сақтау және салқындуаты циклдарының уақыттарын да есептеп шығарады.
2. Бағдарламаны бастау үшін  түймешігін басыңыз.
 - Бейнебетте жиі-жиі жаңа уақыт мәні көрсетіліп тұрады.
 - Кептіру индикаторы  жыптылықтай бастайды.
 - Бейнебетте "есік құлыштаулы"  индикаторы көрсетіледі.



Егер 10 минуттық кептіру циклынғанда орнатсаныз, құрылғы тек салқындуаты циклын орындаиды. Кір жеткілікті турде кеппесе, қайта қысқа кептіру уақытын орнатыңыз.

11.4 Кептіру бағдарламасының аяқталуы

Құрылғы автоматты тұрдеге тоқтайды.

- Дыбыстық сигналдар (егер қосылып тұрса) естіледі.
- Бейнебетте  жанады.
-  индикаторы сөнеді.

- Кептіру циклының соңғы минуттарында құрылғы салқыннату және мыжылудан сақтау циклын орындаиды. Есік өлі құлыштаулы.

Есік бекітулі белгісі ──► бейнебеттен көрінбей кеткенде, есікті аша беруге болады.

1. Құрылғыны сөндіру үшін ① түймешігін бірнеше секунд басыңыз.

12. КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ - ЖУУ ЖӘНЕ КЕПТИРУ



ЕСКЕРТУ!

Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.



Бұл автоматты жуғыш және кептіргіш машина.

12.1 Нон-Стоп бағдарламасы

1. Құрылғыны қосу үшін ВКЛ/ВЫКЛ түймешігін бірнеше секунд басыңыз.
2. Кірді бір-бірден салыңыз.



Жақсы кептіру нәтижелеріне жету үшін пайдалануышы нұсқаулығында ұсынылған, кірдің ең көп кептірілетін мөшерінен асыруға **болмайды**. Орнатылған бағдарламаның автоматты жылдамдығынан аз айналдыру жылдамдығын орнатуға **болмайды**.

3. Жуғыш зат пен үстемелерді тиісті бөліктеге салыңыз.
4. Бағдарлама тетігін жуу бағдарламасына бұраның.

Бейнебетте әр түрлі жуу циклдарының индикаторлары көрсетіледі.

5. Қолжетімді функцияларды орнатыңыз.

12.2 Жуу және автоматты түрде кептіру

1. Бейнебетте құрғақтық деңгейлерінің біреуінің индикаторы

Бағдарлама аяқталғаннан кейін бірнеше минут өткен соң, қуат үнемдеу функциясы құрылғыны автоматтый түрде сөндіреді.

2. Құрылғыдан кірді алыңыз.
3. Зең және ііс пайда болmas үшін есікті сәл ашып қойыңыз.
4. Судың шүмегін жабыңыз.

көрсетілгенше ┌┐ түймешігін қайталақта басыңыз:

- ┌: Мақта мата заттарды YTIKTEUGE болатын құрғақтық деңгейі
- ┌: Мақта мата, синтетика, жұн және жібек маталарға арналған ШКАФҚА салуға болатын құрғақтық деңгейі
- ┌: Мақта мата заттарды ΘTE ҚҰРҒАҚ етіп кептіретін құрғақтық деңгейі

Бейнебетте ┌┐ индикаторы пайда болады. Бейнебетте көрсетілген уақыт мәні, кір салынымының әдепкі салмағының негізінде есептелген жуу циклінің + кептіру циклдарының ұзақтығынан тұрады.



Кірді жақсы кептіру үшін құрылғы жуылатын және кептірілетін заттар үшін өте төмен жылдамдық мәнін орнатуға жол бермейді.

2. Бағдарламаны бастау үшін ▶▶ түймешігін басыңыз.

Бейнебетте орнатылған құрғақтық деңгейі көрсетіліп тұрады.

- Есік бекітулі индикаторы ──► жанады. Бейнебетте жиі-жікі жаңа уақыт мәні көрсетіліп тұрады.



Кептіру циклының соңғы минуттарында құрылғы мыжылудан сақтау және салқыннату циклдарын орындаиды.

12.3 Жуу және уақыты қойылған циклмен кептіру

Кірді жақсы кептіру үшін құрылғы жуылатын және кептірілетін заттар үшін өте тәмен жылдамдық мәнін орнатуға жол бермейді.

1. Кептіру уақытының мәнін орнату үшін түймешігін басыңыз. Бейнебетте 10 минут көрсетіледі.

Бейнебетте индикаторы жанады. Дисплейде орнатылған кептіру уақыты көрсетіледі: мысалы - 40. Бірнеше секундтан кейін бейнебетте жуу және кептіру (жуу + кептіру + мыжылдан сақтау + салқыннату циклдары) циклдарының уақытынан тұратын аяқтау уақытының мәні 2.03 көрсетіледі.



Жуып болғаннан кейін тек 10 минут кептіру уақытын орнатсаныз, құрылғы мыжылып қалудан сақтау және салқыннату циклдарының уақыттарын да есептеп шығарады.

2. Бағдарламаны бастау үшін түймешігін басыңыз.

Бейнебетте индикаторы жанады. Есік құлыпталған. Бейнебетте жиі-жиі жаңа уақыт мәні көрсетіліп тұрады.

12.4 Бағдарламаның аяқталуы

Құрылғы автоматтты түрде тоқтайды. Дыбыстық сигналдар (егер қосылып тұрса) естіледі.

Қосымша ақпаратты алдыңғы тараудың «Кептіру бағдарламасының соңында» тармағынан қараңыз.

1. Құрылғыдан кірді алыңыз.
2. Барабанның бос екеніне көз жеткізіңіз.
3. Зең және ііс пайда болмас үшін есікті ашыңырап қойыңыз.

3. Судың шүмелгін жабыңыз.

12.5 Маталардың түгі

Жуу және/немесе кептіру циклы кезінде кейбір кірлердің (мысалы, жекенің, жүн матаның, мақта мата жейденің) түгі шығуы мүмкін.

Осыладай қыл-қыбыр немесе мамық келесі цикл кезінде кірге жабысып қалуы мүмкін.

Кірге қыл-қыбыр жабысып қалуға жол бермеу үшін мына ұсыныстарды орындаңыз:

- Ашық түсті киімдерді (жаңа жеке, жүн мата, мақта-мата жейде) жуып-кептіріп болғаннан кейін, баран түсті маталарды немесе керісінше жумаңыз.
- Бұндай маталарды алғаш рет жуғаннан кейін, жіпке жайып ашық ауда кептіру керек.
- Су төтегін түтіктегі сұзгіні тазалаңыз.
- Кептіру циклынан кейін бос барабанды, тығыздығыш пен есікті дымқыл шүберекпен тазалаңыз.

12.6 Заттағы мамықты қалай кетіруге болады

Барабанның ішіндегі қыл-қыбырды тазалау үшін арнайы бағдарламаны орнатыңыз:

1. Барабанды босатыңыз.
2. Барабанды, тығыздығыш пен есікті дымқыл шүберекпен тазалаңыз.
3. Шаю бағдарламасын орнатыңыз.
4. Тазалау функциясын қосу үшін және түймешігін бейнебетте **CLE** пайда болғанша қатар басыңыз.
5. Бағдарламаны бастау үшін түймешігін басыңыз.

13. АҚЫЛ-КЕҢЕС



ЕСКЕРТУ!

Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

13.1 Kір салу

- Кірді былай сұрыптаңыз: ақ, түрлі-түсті, синтетика, нәзік және жұн мата.
- Кірдің затбелгісіндегі жуу нұсқауларын орындаңыз.
- Ақ киім мен түрлі-түсті заттарды бірге жумаңыз.
- Кейбір түрлі-түсті заттарды алғаш жуғанда бояуы шығуы мүмкін. Оларды алғаш жуғанда бөлек жууға кеңес береміз.
- Жастық қаптарының түймесін салып, тартпаларды тартып жауып, ілгектер мен батырма түймешіктерді салыңыз. Белбеулдерді байлаңыз.
- Қалталарды босатып, орналған заттарды ашыңыз.
- Көп қабатты матадан, жұн матадан және сурет салынған кімдердің астарын сыртына аударыңыз.
- Қатып қалған дақтарды арнайы жуғыш затпен тазалаңыз.
- Қатып қалған дақтары бар заттарды барабанға салу алдында жуыңыз және дағын алдын ала кетіріңіз.
- Перделердің абалының да, перделердің кір жуатын торға немесе жастықтың тысына салыңыз.
- Көмкөрілмеген немесе кесілген жерлері бар заттарды құрылғыда жумаңыз. Кішкене заттарды жуу үшін (мысалы, сым өткізілген төс тартқыш, белдіктер, колготкилер, т.с.с.) кір жууга арналған торды пайдаланыңыз.
- Кір ете аз салынса, айналдыру циклі кезінде тәңгерімді сақтауға қатысты мәселе орын алуды мүмкін. Бұндай жағдай орын алса, барабандағы кірді қолмен таратып, қайта айналдыра бастаңыз.

13.2 Оңай кетпейтін дақтар

Кейбір дақтарды кетіру үшін су мен жуғыш зат жеткіліксіз болады.

Бұл дақтарды кірді құрылғыға салмай тұрып алдын ала тазалауды үсінамыз.

Дақ кетіретін арнайы құралдар болады. Дақ пен матаның түріне сай келетін арнайы дақ кетірігішті қолданыңыз.

13.3 Жуғыш заттар мен үстемелер

- Кір жуғыш машиналарға арналған жуғыш заттар мен үстемелердің ғана қолданыңыз:
 - матаның барлық түрлеріне арналған ұнтақ жуғыштар,
 - нәзік мата (ең көбі 40 °C) мен жұн тоқымараптарға арналған ұнтақ жуғыштар,
 - матаның барлық түрлеріне не тек жұн матаға арналған, тәмен температурада жуатын бағдарламаларға (ең көбі 60 °C) арналған сүйкі жуғыш заттар.
- Әр түрлі жуғыш заттарды араластырмайыз.
- Қоршаған ортаға зиян келтірмеу үшін жуғыш затты қажетті мөлшерден артық пайдаланбаңыз.
- Осы заттардың орамында көрсетілетін нұсқауларды орындаңыз.
